

**Түркістан облыстық адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Edulight»
зияткерлік мекемесінің 2023– 2024 оқу жылына арналған тәрбие
жұмысының есебі**

ТӘРБИЕНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады.

Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрдегі бірлескен жұмыс

Тәрбие жұмысының мақсаты:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруды ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу;
- Мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында;
- Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау;
- Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау.
- Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана-сезімін жаңғыртуға аса мән береді.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ эволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.
9. Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру.
10. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен аулыңа, қала мен өңіріңе, яғни туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі, ұлт ететін мәденигенетикалық кодтың негізі.

Күтілетін нәтижелер:

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері:

- Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықты аясын; Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмды, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін;
- Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметі;
- Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді;
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялықпедагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруді;
- Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын;
- Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыруды;
- Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетінің жоғары деңгейін;
- Табысты әлеуметтенуді, өздігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.
- Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы үйлесімді, жанжақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты – Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам қалыптастыруға бағытталған.

Іске асыру тетіктері:

- Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

- ❑ «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/>;
- ❑ Қазақстан Республикасының Конституциясы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1100000002>;
- ❑ «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>;
- ❑ 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext>;
- ❑ «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
- ❑ «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
- ❑ «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
- ❑ «Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
- ❑ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
- ❑ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері <https://nao.kz/>
- ❑ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері <https://nao.kz/>.

Білім беру жүйесінің негізгі мақсаттарының бірі – педагогикалық тәжірибеге білім алушылардың академиялық білімін, негізгі біліктіліктері мен құзырлылықтарын қалыптастыруды, олардың оқуға деген ұмтылысын, оқу-танымдық әрекетке қызығушылығын арттыруды қамтамасыз ететін білім берудің мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің заманауи әдістері мен технологияларын ендіру.

ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ:

Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм,

толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салтдәстүр)кұрайды.

- 1.Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
2. Рухани-адамгершілік тәрбие;
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасылық тәрбие;
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2023-2024 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндер:

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын, Роза Бағланованың 100 жылдығын, Қазыбек бидің 355 жылдығын, Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығын, Дінмұхамед Қонаевтың 110 жылдығын, сондай-ақ Қазақстанның Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығын мерекелеуге және дайындауға ерекше назар аудару қажет.

Білім алушылардың функционалдық сауаттылықтары мен әмбебап құзырлылықтарын қалыптастыруға қол жеткізетін бағыттардың бірі – **құндылыққа негізделген оқыту мен тәрбие бағдарламасы** (одан әрі – Бағдарлама).

Бағдарламаның шешуші идеясы оқу-тәрбие процесін білім алушыларды ұлттық құндылықтар негізіндегі жалпыадамгершілік құндылықтарға баулуға бағыттау.

2023-2024 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар ұсынылады:

- ✓ «Оқуға құштар мектеп»;
- ✓ «Отбасы – орта мектеп»;
- ✓ «Дәстүр мен ғұрып»;
- ✓ «Еңбек – елдің мұраты»;
- ✓ «Ерте жастан бастап экологиялық мәдениет»
- ✓ «Психологиялық көмек көрсету және мектептің татуластыру қызметтерін ұйымдастыру»
- ✓ «Қоғамға қызмет»;
- ✓ «Дебат» қозғалысы;

1.1.Мектепшілік тәрбие жұмысының нәдістемелік тақырыбы:

-  Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды

парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру;

1.ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ-ТӘРБИЕ

Мақсаты: патриот пен азаматтың Отанға ұтымды және эмоционалды қатынасы, мемлекеттің және қоғамның заңдарын ұғыну мен сақтау, саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұру, баланың және жасөспірім ортасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын ұлтжанды азамат қалыптастыру

2023-2024 оқу жылының басталуына арналған 1 қыркүйек Білім күніне салтанатты іс - шара санитарлық нормаларды сақтай отырып мектеп ауласында 1-сынып, 2-сынып, 4-сыныптармен өткізілді. және

«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында бірыңғай сынып сағатын өткізілді.

Балалардың құқықтарын бұзу, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық немесе қатігез қарым-қатынас жағдайларына жедел ден қою мақсатында тәрбие жұмысының қызметі бойынша нормативтік-құқықтық база әдістемелік сағаттары өткізілді.

Адами әлеуетті дамыту бөлімі Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің 2021 жылғы 3 маусымдағы №21-27-14.41 тапсырмасын орындау шеңберінде 1-4-сынып оқушылары мен ата-аналарға төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіздік шаралары бойынша танымдық бейнероликтер мен қосымша жаднамалар көрсетіліп, таныстыру жұмыстары жүргізіліп, біршама ақпараттар берілді. Төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы жаднамалар әлеуметтік желілерде кеңінен жарияланды.

Мектебімізде **2023-2024 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде жобалар негізінде**

«Отбасы- орта мектеп» жобасы 1-2 сынып,

«Еңбек- елдің мұраты» жобасы 3- сынып,

«Қоғамға қызмет» жобасы 4 сынып

«Ерте жастан бастап экологиялық мәдениет» жобасы 4 сынып оқушылары арасында жоба жетекшілерімен бірге жұмыстар жасады.

Адами әлеуетті дамыту бөлімінің хатына сәйкес "Су қауіпсіздігі шараларының алдын-алу" іс-шарасы өткізілді. Соңғы жылдары суға шомылу маусымында судағы қауіпсіздік шараларын сақтамау, ата-аналар балаларын қараусыз қалдырғаны салдарынан қайғылы жағдайлар көбейген, осыған орай алдын-алу мақсатында ДТІЖО А.Қ.Таңаттың ұйымдастыруымен мектеп инспекторы Н. Дүйсеннің қатысуымен мектеп оқушыларына

профилактикалық әңгімелесу, сұрақ-жауап, кеңес берумен қатар жадынамалар таратылды.

1-4- сыныптар арасында жол ережесін сақтау туралы жасөспірім балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізіп сабақ өтті. "Абайлаңыз, балалар!" тақырыбында Республикалық акция барысында "Абайлаңыз, балалар!" атты іс-шараларын өткізді. Басты мақсаты – жол-көлік жарақаттануының алдын алу және жолкөлік оқиғаларын балалардың қатысуымен болдырмау. Сонымен қатар, балаларға жол-көлік оқиғаларының алдын алуға бағытталған бейнероликтер көрсетіліп, жол қозғалысы ережесін сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Балалар демалыс және мереке күндері көптеген жағдайда бақылаусыз қалып жатады, яғни демалыс күндері балалар уақытын көшеде өткізсе, жол жиектерінде ойнайды, жолға жүгіріп шығады, өкінішке орай жол-көлік оқиғаларына қатысушы болып жатады. Сондықтан, ата-аналарға бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру мақсатында түсіндірілді. Танымдық сағатына 1-2 сынып оқушыларына инспектор «Жол көлік жарақаттарын алдын алу, Жолда жүру ережелері» тақырыбында түсіндірме жұмыстар жүргізді. Жол ережелері туралы мультфильмдер көрсетілді. Оқушылар жолда жүру ережелерімен танысты. Өткізілген іс-шаралар әлеуметтік желіде жарияланды. «Абайлаңыз, балалар!» 1 б сыныбының ашық тәрбие сағаты өткізілді. Жетекшісі Газиханова Мохинурдың 5 қыркүйек - ҚР халықтарының Тілдері күні мерекесін орай мектепшілік апталық ұйымдастырылды.

«Өмір қымбатсың маған» 1-4 сынып оқушыларына сынып сағаттары өткізілді.

Қарашаның 20 күні 4 «а» сынып жетекшісі Нарзулла Шахлонның ұйымдастыруымен «Менің Отаным-менің мақтанышым» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында тәрбиеші Д.Әбенова ү оқушыларға «Кітаптар әлемге жол ашады» марафонын ұйымдастырды. 2-3 сынып оқушылары Дүйсенбай Аяна, Махмұт Алинұр, Спандияр Камилаға ертегі кітаптарын беріп, келесі аптада қорытынды жасап марапаттады.

Тәуелсіздік-халықтың сан ғасырлар бойы еркіндікті аңсаған қажырлы күресінің өтеуі. Алты алаштың айбынын асқақтатқан Тәуелсіздігімізге 31 жыл толуына орай мектеп кітапханасында "Тәуелсіздік-Мәңгілік елдің мұнарасы" атты тақырыппен ақын -жазушылардың өлеңдерінен 2-4 сыныптар арасында өлең оқудан марафон ұйымдастырылды. Әр сыныптан оқушылар Тәуелсіздік, Отан, Туған жер туралы, Желтоқсан оқиғасының құрбандарына арналған өлеңдерді жатқа оқып, белсенділік танытты.

Кітапхана меңгерушісі "Мәңгі жаса-Тәуелсіз қазақ елі!" және "Желтоқсан оқиғасы-Тәуелсіздік бастауы" атты кітап көрмесіне шолу жасап, таныстырды. 16 желтоқсан-Тәуелсіздік күні мерекесіне орай апталық іс-шаралар ұйымдастырылды. Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік –елімнің еркін жолы»тақырыбында 3-4 сынып оқушылар арасында челлендж өткізілді, Тәуелсіздік күніне кітаптар көрмесі қойылды. 4 сынып оқушылары арасында «Тәуелсіздік күні »тақырыбында диктант жазылды.

«Елімнің еркіндігі- Тәуелсіздік» «Тәуелсіздік тірегім», «Туған жер –бақыт ордасы»тақырыбында 2ә,3а,4а сыныптарының ашық тәрбие сағаттары өткізілді. Сынып жетекшілері Керимбекова Тазагүл,Құдіреттіллә Ғалия, Өткізілген іс-шаралар әлеуметтік желіге жарияланды.

2.РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ ТӘРБИЕ

***Мақсаты:** адамның рухани, моральдық-этикалық қағидаттарын, оның адамгершілік құндылықтарына және қазақстандық қоғамның әдет-ғұрыптарына сәйкес келетін рухани-адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын жандандыру туралы «Рухани жаңғырудың» құндылық негіздерін терең түсінуді қалыптастыру.*

«Оқуға құштар мектеп» бағдарламасы бойынша "Балалар жазғы каникулда", "Кітапты бірге оқимыз" сынып жетекшілер және Сайдахметова Ақмарал мен Дулатбаева Тамара жұмыс жүргізді. Осы жоба аясында оқушылардың жақсы кітаптарды оқуына жағдай жасап, кітап оқуға құштарлығын ояту мақсатында "Bilimshini.kz"-республикалық педагогтар мен оқушылар сайтында "Каникулда кітап оқимыз" марафоны қолға алынды. Аталған марафонда 2-4- сынып оқушылары жас ерекшеліктеріне қарай таңдалған кітаптардың электронды нұсқасында ашылған кітапты жүктеп алып оқыды. Байқауға оқырмандарымыз қызығушылық танытып, асқан белсенділікпен қатысты шығармалар жинағы болды. Мектеп оқушылары жазғы каникулды кұр босқа жүріп өткізбей қызықты кітаптар оқып, өздерінің кітап оқуға деген құмарлықтарын оятып, шығармашылықтарын шыңдауда. Кітап оқу мәртебесін көтеріп, балалардың үйде отырып жақсы кітаптарды оқуына ықпал жасап отырған ата-аналар да көркем әдебиеттерді оқуға деген қызығушылықтарын танытты.Жазғы каникулда кітап оқу- балалардың кітапқа деген белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың қиялын және шығармашылық қабілеттерін дамытады. "Жаз қызығы кітаппен" дегендей кітапханада балалармен жазғы каникулды қызықты әрі әсерлі өткізу мақсатында түрлі ойындар, жұмбақтар, жаңылтпаштар мен сөзжұмбақтар шешіп, көңілді әдеби серуендер ұйымдастырылды. Сондай-ақ түрлі өлеңдер оқып, оқыған кітаптары бойынша пікір алысты. Нәтижесінде көп оқыған, білгір, белсенді оқушылар сыйлықтармен марапатталды. «Оқырман

мектеп–оқырман отбасы» акциясын аясында 20 минуттық кітап оқу ұйымдастырылды.(мектепте және отбасында)1-қазан Қарттар мерекесі және Ұстаздар мерекесіне орай "Өмірдің күзі жылы болсын". Еңбек ардагерлеріне құрмет көрсету және құттықтау, ұстаздарға құттықтаулар, сынып сағаттары өтілді. «Ұстазым саған мың алғыс»атты концерттік бағдарлама өткізілді. Ұстаздар мерекесіне орай бірлестік мұғалімдері арасында «Smart мұғалім» сайысы өткізілді.

«Жырлайды жүрек » М.Мақатаев шығармаларынан 3-4 сынып оқушылары арасында көркем сөз байқауы өткізілді.

Байқауға оқушылар белсене қатысып мадақтамалармен марапатталды.Әлеуметтік желіге жарияланды.

Алғыс айту күні мектепте "Алғысым шексіз" деген ыстық ықыласты, ризашылық сезімдер білдірген қуанышты сәтті күн болды. " 1 Наурыз - Алғыс айту күні"-өз Отанына, өз еліне деген кіршіксіз құрметі мен ата-анаға, ұстаздарға, жақсы-жайсаңдарға алғысын айтар әрбір адам бүгінгі мерекеге аса мән берері хақ.Ата-аналарға, ұстаздарға мерекелік ашық хаттар таратылып, мектептің педагог- психологы "Өмірдің мәне неде" деген тренинг өткізді. «1 наурыз Алғыс айту –азаматтардың бір-біріне құрмет білдіретін күні!» алтын жүрек челленджі ұйымдастырылды. 2-4 сынып оқушылары арасында «Баламыз интернетте отырады ма?» пікірлесу,сауалнамалар жүргізілді.Аталған жобалар мен іс-шаралар оқушылардың тұлғалық дамуына, шығармашылық белсенділігін арттыруға, отбасылық құндылықтарды дәріптеуге және кітап оқуға деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға үлкен септігін тигізді. «Оқуға құштар мектеп» бағдарламасы арқылы оқушылардың білім мен тәрбие кеңістігін бір арнаға тоғыстыру жолында ауқымды жұмыс атқарылды.

3.ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ.

Мақсаты: *тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, туған және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, этносына және Қазақстан Республикасындағы этникалық топтарға*

*құрмет көрсету.*15 қараша – Ұлттық валюта күні 1-4 сынып оқушыларына «Ұлттық валюта – экономика тірегі» экономикалық ақпараттар беріліп,1-4 сынып оқушылар арасында «Валюта көрме» фотокөрме ұйымдастырылды.Оқушыларға Ұлттық валютаның тарихымен таныстырылым жасалды.Теңгенің түрлерімен және өзге елдің валюталарымен танысты. Өткізілген іс-шаралар әлеуметтік желіде жарияланды.21 ақпан -Халықаралық Ана тілі күніне» орай «Менің ата тілім-қазақ тілі» тақырыбында 4- сынып оқушылары шығарма, 3-сынып оқушылары диктант жазды.«Менің ата тілім-қазақ тілі» тақырыбында 4-

сынып оқушылары шығарма, 3-сынып оқушылары диктант жазды. 1 а, ә сынып оқушыларының «Құстар біздің досымыз», «Туған жерім» тақырыбында ашық тәрбие сағаттары өткізілді. «Ұлы күні Ұлыстың, басы болсын ырыстың!» Наурыз мейрамы. Мерекенің тарихы мен дәстүрлерін дәріптеу мақсатында мектепшілік іс-шаралар жоспары жасалып, жоспар негізінде іс-шаралар ұйымдастырылды. «Наурыз тарту» ұлттық тағамдар байқауы 1-4 сыныптар арасында ұйымдастырылды. Үздік деп танылған сыныптарға мадақтамалар берілді. «Қош келдің Наурыз» тақырыбында 3 а сыныбының тәрбие сағаты өткізілді. Іс-шаралар әлеуметтік желіге жарияланды. Аталған іс-шаралар оқушылардың бойында ұлттық рухты, тарихи сана мен мәдениетке деген құрметті қалыптастырып, мектеп пен ата-ана арасындағы тығыз байланысты нығайтуға ықпал етті. Әлеуметтік желілерде кеңінен жариялануы – ашықтық пен есептіліктің көрінісі болды.

4.ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ.

***Мақсаты:** ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық педагогикалық біліктілігін көтеру және балаларды тәрбиелеу бойынша жауапкершіліктерін арттыру.*

«Отбасы орта мектеп » жобасы аясында «Жүзден жүйрік отбасы» зияткерлік сайысы ұйымдастырылды. Сайысқа 3 және 4 сынып оқушылары мен ата-аналарынан 6 отбасы қатыстырылды. Сайыс өз дәрежесінде қызықты өтті. Ата-аналар белсене қатысты. Жинаған ұпай сандарына қарай қорытынды жасалып, әлеуметтік желіде жарияланды. «Отбасы- шағы мемлекет» ашық тәрбие сағаттары «Үйлесімді отбасы-бақытты балалық шақ » онкүндік аясында 3-4 сынып оқушылары арасында «Бақытты балалық шақ » тақырыбында сурет көрмесі өткізілді. Өткізілген іс-шаралар әлеуметтік желіде жарияланды. «Бақытты балалық шақ » апталық аясында 2-4 сынып оқушылары арасында « Бояулар құпиясы » тақырыбында сурет көрмесі өткізілді.

«Отбасым бақыт мекенім, Отбасы шағын мемлекет » тақырыбында 4 «Ә» және 4 «а» сыныбының ашық тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбие сағатына сыныптарының ата-аналары қатысты. Ата аналармен ойындар ойнатылды.

Іс-шаралар әлеуметтік желіге жарияланды.

«Жанұя – бақытты планета» отбасылық шығармашылық шеберханасы ұйымдастырылды. Оқушылар ата аналарымен бірлесе отырып жасаған қолөнер жұмыстарына бейнероликтер жасап, жұмыстарын әкеліп көрмеге қойды. Іс-шаралар әлеуметтік желіге жарияланды.

«Әлем бесігін тербететін жан-АНА» мерекелік іс- шаралар ұйымдастырылды. Іс- шаралар жоспары негізінде 3ә,б, 2а сыныптардың «Ана өмір шуағы » атты тәрбие сағаттары өткізілді. «Әкелер күні»

халықаралық мерекесі шеңберінде 3-4 сыныптар арасында «Менің әкем – жақсы адам» бейне роликтер шеруі ұйымдастырылды. Әкелер мектебінің жоспары негізінде «Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» әкелер арасында іс-шара өткізілді.

2 а,ә сынып оқушыларының «Құстар біздің досымыз», «Туған жерім» тақырыбында ашық тәрбие сағаттары өткізілді.

5. ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ.

***Мақсаты:** кәсіби өзін-өзі анықтауға, адамның экономикалық ой-өрісін және экологиялық мәдениетін дамытуға деген саналы қатынасты қалыптастыру.*

«Ерте жастан бастап экологиялық мәдениет» жобасы аясында «Қауіпсіз экология әлемі» акциясы өткізілді.

1а,ә,б,в сыныптардың «Қош бол сүйікті Әліппем» тақырыптарында әліппемен қоштасу тәрбие сағаттары өткізілді.

Наурыз айында 2-4 сынып оқушыларына «Тұрмыстық қалдықтардың екінші өмірі» атты виртуалды қолөнер байқауы ұйымдастырылды. «Қоқысты қайта өңдеу мүмкін бе?» танымдық сабақтар өткізілді.

Мектепті көгалдандыру жұмыстарын жүргізу мақсатында «Таза табиғат» акциясы аясында 1Ә,Б,В сынып оқушылары мектеп ауласына жеміс талдарын отырғызды. 12- Ғарышкерлер күніне орай 2-4 сынып оқушылар арасында «Ғарыш әлеміне саяхат» қолөнер және сурет көрмесі өткізілді. 1- сынып оқушыларына ғарышкерлер күніне орай «Ғарыш » мультфильмі көрсетілді. Оқушылар Ғарыш әлемі туралы, ғарышкерлер жайлы біраз мәліметтер алды.

6. КӨПМӘДЕНИЕТТІ ЖӘНЕ КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ.

***Мақсаты:** жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның тәрбиеге дайындығын дамыту, меңгеру, өнердегі эстетикалық нысандардың бағасы, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті ортаны құру.*

1-4 сынып оқушылары арасында оқыған ертегі кітаптарынан «Ертегілер әлемі» сахналық қойылымдар қойылды.

«Жырлайды жүрек » М.Мақатаев шығармаларынан 3-4 сынып оқушылары арасында көркем сөз байқауы өткізілді. Байқауға оқушылар белсене қатысып мадақтамалармен марапатталды. Әлеуметтік желіге жарияланды.

«Көктем аруы-2023» 2-4 сыныптар арасында қыз сыны байқауы өткізілді. 3-4 сынып қыздары арасынан 10 үміткер қатысты. Сайыс 5 кезең бойынша өткізілді. Байқау нәтижесі бойынша 4 «Ә» сыныбының оқушысы Абдрахманова Раяна «Көктем ару» атанды. Мектеп әкімшілігінің мадақтамасымен марапатталды. Іс-шара әлеуметтік желіге жарияланды.

7. ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ТӘРБИЕЛЕУ

Мақсаты:әр адамның интеллектуалды мүмкіндіктерін, көшбасшылық қабілеті мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетінің дамуын қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

1-4 сынып жетекшілер арасында «Сынып жетекші – тәрбие жүйесінің негізгі ұйытқысы» тақырыбында коучинг өткізілді.Әлеуметтік желіге жарияланды.

4- сынып оқушылары арасында «Білім қалашығы » тақырыбында зияткерлік сайысы өткізілді.Сайысқа оқушылар белсене қатысты, оза шыққан топтар мадақтамалармен марапатталды.Әлеуметтік желіге жарияланды.

1-мамыр мерекесіне орай «Бейбітшілік -ел тірегі» тақырыбында 2 б сыныбының ашық тәрбие сағаты болды.

2-3 сынып оқушыларымен тәрбие жоспарының іс-шарасы негізінде «Туған өлке тарихы »тақырыбында ауданымыздағы Ұлы Дала музейіне экскурсия жасадық. Экскурсия балаларға қызықты болды.

8. ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ.

Мақсаты:салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу үшін кеңістік құру. «Дүниежүзілік Денсаулық күні »апталық іс-шара

ұйымдастырылды.Апталықтың ашылуы бірінші күннен басталды.Мектеп медбикесі Н.Нышанбаева апталықтың іс-шарасымен таныстырды. 1-4 сынып оқушылары мен сынып жетекшілері таңертең мектеп ауласында флешмоб биледі. 2-4 сынып оқушылары арасында Санбюллетень қабырға газеттері шығарылды. Денсаулық тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

1-желтоқсан Дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күн күніне орай іс-шара жоспары жасалынып, бастауыш сыныптар арасында қабырға газеттерін жасады. Тәрбие жоспар негізінде 2 а сынып жетекшісі Тлеубаева Алтынның ұйымдастыруымен «Салауаттылық денсаулық негізі» тақырыбында спорттық жарыстардан ашық тәрбие сағаты өткізілді.

Тәуелсіздік мерекесіне орай 1-4 сынып жетекшілер арасында волейболдан жарыс өткізілді. Жетекшілерден 4 команда құрылып, өзара тартысқа түсті.Нәтижесінде 1.Қыран 1орын, 2. Олимп 2орын, 3. Сәбилер 3орын, 4. Жалын 4 орын иеленді.

«Дұрыс тамақтану – таза салмақ – денсаулық кепілі» 2-4 сынып оқушыларының ізденіс жұмыстары жүргізілді.

«Ұлы дала ойындары» 2-4 сынып оқушылар арасында ұлттық спорт түрлерінен сайыс өткізілді. Оқушылар жүлделі орындармен мектеп

әкімшілігінің мадақтамасымен марапатталды. Іс-шара әлеуметтік желіге жарияланды.